

«8D02201 – Саяси философия» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (Ph.D) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Наурузбаев Дархан Мирзабековичтің «Әл-Фараби мен Ж. Баласағұнның саяси философиялық, әлеуметтік-этикалық ілімдерінің үйлесімділігі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) Диссертация Қазақстан	Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасында 2020–2025 жылдарға арналған білім мен ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасына толық сәйкес келеді. Зерттеу қазақ халқының тарихи және мәдени мұраларын зерделеу арқылы ұлттық бірегейлікті нығайтуға, білім мазмұнын жаңғыртуға әрі ғылыми зерттеулердің сапасын арттыруға өз үлесін қосады. Әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұнның философиялық ілімдерін салыстыра отырып талдау — түркі дүниесінің рухани мұрасын ғылыми тұрғыда қарастыруға жол ашады және гуманитарлық білім беру бағытындағы бағдарламаларды жетілдіруге септігін тигізеді. Бұл екі ойшылдың еңбектері түркі мәдениетінің маңызды құрамдас бөлігі саналады, ал олардың көзқарастарын зерттеу Қазақстанның мәдени мұрасын заманауи тұрғыда жаңаша пайымдауға және оны қазіргі қоғам қажеттіліктеріне бейімдеуге мүмкіндік береді. 1) «8D02201 – Саяси философия» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу мақсатында дайындалған бұл диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаржылық қолдауымен жүзеге асырылған докторантура бағдарламасы аясында орындалды. 2) Бұл диссертациялық жұмыс нақты мемлекеттік бағдарлама аясында орындалмаған 3) Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағыттарының бірі – 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласына, нақтырақ айтқанда, 7.2. Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы және пәнаралық зерттеулер бағытына сәйкес келеді. Зерттеу «7.2.1. Ұлы есімдер мен ұлы дәуірлер» бағыты аясында жүзеге асырылған.

		Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады</u> / қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> / ашылмаған	Диссертациялық жұмыс ғылым саласына елеулі үлес қосады, себебі ол Әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұнның саяси-философиялық және әлеуметтік-этикалық ілімдерінің өзара үндестігін кешенді түрде зерттеуге және салыстырмалы талдау жүргізуге бағытталған. Аталған тақырып бұған дейінгі ғылыми еңбектерде толыққанды қарастырылмаған. Осыған байланысты аталған қос ғұламаның көзқарастарын салыстыра зерделеу – отандық философиялық және әлеуметтік ой дамуы тұрғысынан өзекті ғылыми қажеттігі туындап отыр. Зерттеудің маңыздылығы бірнеше өзекті аспектілермен айқындалады. Біріншіден, зерттеу жұмысы тарихи және философиялық құндылықтарды жаңғырту мәселесін алға тартады. Әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұнның еңбектерін қазіргі ғылыми талаптарға сай зерделеу олардың саяси-философиялық және әлеуметтік-этикалық идеяларының бүгінгі күнгі өзектілігін дәлелдейді. Екіншіден, бұл зерттеу аталмыш ойшылдардың еңбектерін салыстырмалы тұрғыда қарастыру арқылы қазақ философиясының дамуындағы идеялық сабақтастықты және оның қазіргі гуманитарлық ғылымдар жүйесімен өзара байланысын айқындауға ықпал етеді. Үшіншіден, зерттеудің қазіргі ғылыми дискурстағы өзектілігі ерекше көрініс табады. Оның нәтижелері тек Қазақстанның гуманитарлық ғылымдарының дамуына ғана емес, сондай-ақ әлемдік философиялық ой кеңістігіне де үлес қосады. Әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұн мұраларындағы идеялардың өзара үйлесімділігі бүгінгі заманның құндылықтарын жаңаша түсінуге негіз болады. Сонымен қатар, бұл зерттеу болашақ ғылыми ізденістерге теориялық және әдіснамалық бағдар бере отырып, аталған тұлғалардың еңбектерін Қазақстанның қазіргі әлеуметтік-мәдени даму стратегияларымен сабақтастыра қарастыруға мүмкіндік ашады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі:	Зерттеу ең алдымен ғылыми стильде жазылған, мұнда нақты ұғымдар мен анықтамалар, сондай-ақ ғылыми терминология мен категориялар жүйелі әрі

		1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	дәйекті түрде қолданылған. Жұмыс барысында алынған тұжырымдар ғылыми негізде дәлелдермен нақтыланып, қисынды баяндалған. Бұл зерттеу ғылыми талаптарға толық сәйкес келеді. Сонымен қатар, зерттеуде қолданылған әдіс-тәсілдер мұқият таңдалып, олардың тиімділігі нақты дәлелдермен негізделген.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Бұл зерттеудің өзектілігі Қазақстан Республикасының әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы ғылыми дамудың басым бағыттарымен толық сәйкес келеді. Әсіресе, Әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұнның саяси-философиялық және әлеуметтік-этикалық ілімдерінің үйлесімділігін зерттеу қазіргі Қазақстанның мәдени және рухани құндылықтарын жаңғырту, ұлттық философиялық ойдың тарихи тамырларын анықтау және гуманитарлық ғылымдардың дамуына үлес қосу міндеттерімен тығыз байланысты. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет» және «Жаңа Қазақстан» тұжырымдамаларына негізделген реформалары қоғамдағы әділеттілік пен ізгілік қағидаттарын нығайтуды мақсат етеді. Осы тұрғыда, әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұнның философиялық идеяларын терең зерттеу өзектілікке ие. Мемлекет басшысы әл-Фарабиді Шығыс өркениетінің көрнекті ойшылы ретінде жоғары бағалап, оның философиялық мұраларындағы әділдік идеясына ерекше назар аударады. Бұл идеялар Қазақстанның қазіргі саяси жүйесін жетілдіруге қажетті теориялық негіз бола алады. Сонымен қатар, олардың философиялық ілімдерін зерттеу ұлттық философияның тарихи сабақтастығын айқындауға және оны қазіргі заманғы ғылыми талаптарға сәйкестендіруге мүмкіндік береді. Осылайша, бұл зерттеу Қазақстанның даму стратегияларымен және мемлекет бекіткен ғылыми басымдықтарымен үйлесім тауып, ғылыми жаңашылдық пен өзектілікті қамтамасыз етеді.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертациялық жұмыстың мазмұны зерттеу тақырыбын толықтай ашуға бағытталған және оның құрылымы логикалық тұрғыда жүйелі түрде ұйымдастырылған. Жұмыс үш негізгі тараудан тұрады, олардың әрқайсысы тақырыптың негізгі аспектілерін жан-жақты талдауға арналған. Жұмыстың әрбір бөлімі зерттеу тақырыбының өзектілігін айқындауға және оның теориялық-әдіснамалық негіздерін негіздеуге қызмет етеді. Диссертациялық жұмыстың мазмұны құрылымдық жағынан үйлесімді ұйымдастырылып, тақырыптың мәнін толық ашуға және зерттеу міндеттерін тиімді орындауға мүмкіндік береді.
		4.3 Мақсаты мен міндеттері	Зерттеудің мақсаттары мен міндеттері тақырыптың мазмұнымен толық сәйкес

		диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді;</u> 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	келіп, оның негізгі бағытын анықтайды.. Жұмыстың басты мақсаты – Әбу Насыр әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұнның саяси-философиялық және әлеуметтік-этикалық ілімдерінің үйлесімділіктерін анықтау. Аталған мақсатқа жету үшін бірқатар нақты міндеттер қойылған. Әрбір міндеттің нақты құрылымдалуы зерттеу тақырыбының мазмұнын толықтай ашуға және оның ғылыми құндылығын арттыруға ықпал етеді. Міндеттердің айқындылығы мен дәйектілігі зерттеу жұмысының мақсатына толықтай сәйкес келіп, оның теориялық және практикалық маңыздылығын дәлелдеуге көмектеседі.
		4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан;</u> 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш тараудан, әр тарау бірнеше бөлімшелерге бөлініп, қорытынды мен пайдаланылған дереккөздер тізімінен тұрады. Бұл құрылым арнайы талаптарға сәйкес келіп, зерттеу тақырыбының толық мазмұнын ашуға бағытталған. Барлық қағидалар мен ғылыми тұжырымдар логикалық байланыста жүйеленіп, зерттеу тақырыбының маңызды мәселелерін кеңінен қарастыруға мүмкіндік береді. Әр тарау нақты ғылыми міндеттерді шешуге бағытталған және олардың арасындағы байланыс бірізді сақталған. Зерттеу жұмысының негізгі ғылыми нәтижелерінің өзегі болып табылатын мәселеге терең саяси-философиялық талдау жасалған. Жоспар ғылыми ізденіске сәйкес құрылып, жүйелі түрде баяндалған және диссертация мәтінінде айқын көрінеді. Жұмыстың әрбір бөлімі зерттеу тақырыбының мәнін ашуға бағытталған, ал олардың логикалық құрылымы ішкі үйлесімділікпен ерекшеленеді. Бөлімдер арасындағы байланыс зерттеу нәтижелерінің тұтастығын камтамасыз етіп, олардың ғылыми дәлелдемелермен негізделуіне ықпал етеді.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген.	Диссертациялық жұмыста зерттеу мәселесіне қатысты жаңа тұжырымдар мен шешімдер ғылыми тұрғыдан негізделіп, терең сыни талдау арқылы айқындалған. Зерттеу барысында әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұнның саяси-философиялық және әлеуметтік-этикалық ілімдеріндегі концептуалдық сәйкестіктер мен айырмашылықтар жүйелі түрде анықталған. Сыни талдау үдерісінде бұрынғы зерттеушілердің еңбектерімен салыстырмалы түрде талдау жүргізіліп, олардың тұжырымдары объективті түрде қайта қарастырылған. Бұл әдіс зерттеу тақырыбының жаңа қырларын ашуға және ғылыми пікірталасқа тың көзқарастар ұсынуға мүмкіндік берді.
5.	Ғылыми жаңашылдық	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа болып табыла	Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен ережелері жаңашылдық тұрғысынан ерекшеленеді және зерттеу тақырыбының терең талдануына

	принципі	ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75 % жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25 % - дан кем).	негізделген. Бұл зерттеу жұмысында әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұнның саяси-философиялық және әлеуметтік-этикалық ілімдерінің қалыптасуына әсер еткен тарихи, әлеуметтік-саяси және мәдени факторлар үйлесімділік принципі арқылы жүйелі түрде қарастырылған. Мұндай әдіс олардың идеяларының ортақ және өзіндік қырларын ашып көрсетіп, философиялық көзқарастарының құрылымдық ерекшеліктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. 5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75 % жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25 % - дан кем). Диссертациялық зерттеудің қорытындылары бұрынғы ғылыми еңбектерде кездеспейтін жаңа тұжырымдар мен идеяларды қамтиды. Әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұнның саяси-философиялық және әлеуметтік-этикалық ілімдерінің өзара үйлесімділіктерін салыстырмалы талдау арқылы жүйелі түрде айқындау алғаш рет кешенді түрде жүзеге асырылған. Бұған дейінгі зерттеулерде бұл екі ойшылдың философиялық жүйелері жеке-дара қарастырылып келгенімен, олардың идеяларының өзара байланыстары мен үйлесімділігі терең әрі жан-жақты талданған жоқ. Диссертациялық жұмыстың қорытындылары зерттеу тақырыбына қатысты жаңа көзқарастар мен тұжырымдарды ұсынады. Әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұнның философиялық ілімдерін салыстырмалы түрде кешенді зерттеу олардың идеяларының ортақ тұстарын айқындап, бұл ойшылдардың теориялық мұраларының өзара байланысын жаңаша түсінуге жол ашады. Осы зерттеу нәтижелері бұрын зерттелмеген аспектілерді қамтып, диссертацияның ғылыми жаңалығын нақты көрсетеді. 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75 % жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25 % - дан кем). Зерттеу барысында ұсынылған басқару қағидаттары мен шешімдері жаңашыл сипатқа ие болып, ғылыми негізде дәйектелген. Әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұнның саяси-философиялық және әлеуметтік-этикалық ілімдерін салыстырмалы талдау арқылы алынған нәтижелер қазіргі заманғы басқару теориялары мен тәжірибелеріне тың көзқараспен қарауға мүмкіндік береді. Әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұнның мемлекет пен қоғам туралы идеяларының өзара үйлесімділігін зерттеу барысында әділетті басқару, заң үстемдігі, ізгілікке негізделген басқару жүйелері мен бақытқа жетудің теориялық негіздері жаңаша талданған. Зерттеу нәтижелері басқару жүйесін жақсарту, саяси көшбасшылық үлгілерін жетілдіру және қоғамдық-саяси қатынастардағы үйлесімділікті қамтамасыз ету мәселелерін кешенді түрде талдауға мүмкіндік береді. Бұл жаңа тәсілдер басқару теориясы мен практикасын дамытуға, саяси көшбасшылықтың тиімділігін арттыруға және
--	----------	--	---

			қоғамдағы тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған маңызды ұсыныстарды қамтиды.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u> / негізделмеген (qualitative research (қуолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық жұмыстың барлық қорытындылары ғылыми дәлелдемелермен негізделіп, жан-жақты талдау нәтижесінде қалыптастырылған. Зерттеу барысында қолданылған әдіснамалық тәсілдер – салыстырмалы талдау, тарихи-синергетикалық әдіс, жүйелік талдау және мәтіндік зерттеу әдістері – зерттеудің сапалық (qualitative research), әдістеріне тән тереңдік пен кешенділікті қамтамасыз етті. Әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұнның саяси-философиялық және әлеуметтік-этикалық ілімдерін талдауда ауқымды ғылыми әдебиеттерді зерделеу, идеялық қайнар көздерді анықтау және олардың философиялық жүйелерінің теориялық негіздерін салыстыра зерттеу тәсілдері қолданылды. Бұл әдістер екі ойшылдың еңбектеріндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды айқындауға мүмкіндік беріп, олардың идеяларының үйлесімділігін тереңірек түсінуге жол ашады.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u>; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді. 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) <u>жоқ</u>. 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ. 3) бұл тұжырымда ереженің	7.1 Зерттеу барысында ұсынылған негізгі ережелер ғылыми тұрғыдан толықтай дәлелденіп, зерттеу нәтижелерімен үйлесімді байланыста қарастырылған. Автор айқындаған ережелер әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұнның саяси-философиялық және әлеуметтік-этикалық ілімдерін салыстырмалы талдау негізінде кешенді түрде негізделген. Әрбір ереженің дұрыстығы қолданылған әдіснамалық тәсілдер арқылы жан-жақты дәлелденген. 7.2 Ұсынылған ережелер тривиалды емес. Зерттеуде қалыптастырылған ережелер бұрынғы зерттеулерде қарастырылмаған немесе толық ашылмаған мәселелерді жаңа көзқарас тұрғысынан айқындауға бағытталған. Автор ұсынған ережелер стандартты теориялық ұстанымдардан ерекшеленіп, терең талдау мен салыстырмалы зерттеу әдістерін қолдану арқылы жаңаша тұжырымдалған. Әрбір ереже белгілі бір деңгейде түпнұсқа болып табылады және философиялық ілімдерді жаңаша пайымдауға мүмкіндік береді. 7.3 Диссертациядағы негізгі ережелер жаңашыл. Зерттеудің нәтижелері бұрын қарастырылмаған тың мәселелерді қамтиды. Әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұнның саяси-философиялық және әлеуметтік-этикалық ілімдерінің үйлесімділіктері жүйелі түрде арнайы зерттелмеген. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеу барысында алынған қорытындылардың жаңашылдығы мен теориялық маңыздылығы айқын көрінеді. 7.4 Қолдану деңгейі ауқымды. Саяси философия, этика, мәдениеттану, білім

		жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u>. 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ. 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	беру салалары мен мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған зерттеулерде құнды теориялық негіз бола алады. Алынған қорытындылар тәжірибелік қолданбаларда да тиімді пайдаланылуы мүмкін. Зерттеу нәтижелері тек теориялық тұжырымдармен шектелмей, оларды қолдану мүмкіндіктері де кеңінен қарастырылған. 7.5 Диссертациялық жұмыстың негізгі ғылыми ережелері мен тұжырымдары зерттеушінің ғылыми мақалаларында көрініс тапқан. Зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда жарияланған үш мақалада қамтылған, бұл жұмыстың ғылыми өзектілігі мен маңызын айқын дәлелдейді. Сонымен қатар, зерттеу бойынша бір мақала Scopus дерекқорына енген журналда жарық көрген. Бұл зерттеу нәтижелерінің халықаралық ғылыми қауымдастық тарапынан мойындалғанын көрсетеді. Екі мақала халықаралық ғылыми конференция материалдарында жарияланып, диссертация тақырыбының өзектілігі мен жаңашылдығын ғылыми ортада кеңінен таныстыруға мүмкіндік берген.
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) <u>ия</u>; 2) жоқ.	Зерттеудің әдіснамалық негіздері нақты айқындалып, қолданылған әдістердің ғылыми негізділігі жан-жақты дәлелденген. Зерттеу жұмысы тақырыбының ерекшеліктеріне сәйкес таңдалған әдістер кешенді түрде қолданылып, олардың тиімділігі мен қажеттілігі дәйекті түрде көрсетілген. Зерттеудің негізгі әдіснамалық қаңқасын тарихи-философиялық талдау әдісі құрады. Зерттеу жұмысында ең алдымен тарихи-философиялық әдіс қолданылды. Бұл әдіс арқылы біз ортағасырдың әр кезеңінде өмір сүрген әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұнның дүниетанымының қалыптасуына әсер еткен саяси-әлеуметтік және социомәдени факторларды талдаған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертациялық зерттеу барысында ғылыми талдау мен деректерді өңдеудің заманауи әдістері қолданылып, ақпаратты интерпретациялауда компьютерлік технологиялардың мүмкіндіктері кеңінен пайдаланылған. Зерттеуді жүргізу барысында электрондық кітапханалар, ғылыми мәліметтер қорлары, академиялық мақалалар базалары мен интернет-ресурстар жүйелі түрде қолданылған. Бұл бағдарламалық құралдар ақпаратты құрылымдауға, мәтіндер арасындағы идеялық байланыстарды анықтауға және зерттеудің нәтижелерін визуалды түрде көрсетуге мүмкіндік берді. Компьютерлік технологияларды қолдану зерттеу үдерісінің тиімділігін арттырып, алынған

	1) ия; 2) жоқ.	корытындылардың дәлдігі мен сенімділігін қамтамасыз етті.
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденді): 1) ия; 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыстың теориялық тұжырымдары мен ұсыныстары жан-жақты дәйектелген. Зерттеу барысында қолданылған философиялық компаративистика, тарихи-логикалық талдау, аксиологиялық және жүйелі талдау әдістері алынған нәтижелердің теориялық негіздемесін құруда маңызды рөл атқарды. Зерттеуші ұсынған теориялық тұжырымдар мен ұсыныстар әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұнның саяси-философиялық және әлеуметтік-этикалық ілімдерінің үйлесімділіктерін анықтауға бағытталған кешенді зерттеу нәтижесінде қалыптасты. Өртүрлі көзқарастар мен философиялық ұстанымдарды біртұтас жүйеге келтіру арқылы зерттеу тақырыбының өзектілігі ашылып, автордың өзіндік ойлары жүйелі түрде негізделді. Осы зерттеудің нәтижелері философиялық қағидаттардың қолдану аясын кеңейтуге, олардың теориялық негіздерін тереңдетуге және жаңа ғылыми пайымдаулар жасауға ықпал етеді. Әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұнның мұраларын салыстыра зерттеу арқылы алынған теориялық қорытындылар қазіргі ғылыми дискурстың дамуына елеулі үлес қосып, олардың идеяларының өзектілігін дәлелдеуге мүмкіндік берді.
	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған	Диссертациялық зерттеуде ұсынылған негізгі тұжырымдар нақты және сенімді ғылыми дереккөздерге сүйеніп, жан-жақты дәлелденген. Зерттеу барысында әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұнның еңбектерімен қатар, отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулері кеңінен пайдаланылып, олардың тұжырымдары мұқият талданған. Теориялық және әдіснамалық негіздер классикалық философиялық еңбектермен қатар, қазіргі заманғы ғылыми зерттеулер мен академиялық мақалаларға сүйене отырып қалыптастырылған. Зерттеу үдерісінде ғылыми тұжырымдардың дәлелділігіне ерекше көңіл бөлініп, әрбір мәлімдеме нақты дереккөздермен және сенімді ғылыми әдебиеттермен негізделді. Бұл тәсіл зерттеу нәтижелерінің теориялық және практикалық маңыздылығын күшейтіп, олардың ғылыми жаңашылдығын айқындауға ықпал етті.
	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u>/ жеткіліксіз	Диссертациялық жұмыста қолданылған әдебиеттер тізімі зерттеу тақырыбын жан-жақты қамтуға жеткілікті деңгейде жасақталған. Барлығы 181 дереккөз пайдаланылған, олардың ішінде шет тілдеріндегі аударылған материалдар мен ғылыми зерттеулердің үлесі айтарлықтай. Бұл зерттеудің ауқымын кеңейтіп, алынған ғылыми нәтижелердің негізділігін күшейтуге ықпал еткен.

			Әдебиеттер тізіміне әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұнның түпнұсқалық еңбектерімен қатар, олардың философиялық, саяси және әлеуметтік-этикалық көзқарастарын зерттеуге арналған отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектері енгізілген. Бұл еңбектерді қамту зерттеу мәселесінің жан-жақты қарастырылуына және теориялық қорытындылардың сенімділігіне негіз болған.
9.	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: <u>1) бар;</u> 2) жоқ.	Диссертациялық зерттеудің теориялық маңызы айқын және бірнеше маңызды аспектілер арқылы көрініс табады. Зерттеу барысында әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұнның саяси-философиялық және әлеуметтік-этикалық ілімдерінің өзара үйлесімділігі алғаш рет кешенді түрде салыстырмалы талдау әдісімен зерделенді. Бұл тәсіл философия, тарих, саясаттану және мәдениеттану салаларындағы теориялық негіздерді кеңейтуге ықпал етіп, зерттеу аясын айтарлықтай кеңейтті. Зерттеу нәтижелері түркі-мұсылман философиясының дамуы контекстінде әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұнның рөлі мен ықпалын анықтауға мүмкіндік беріп, олардың идеяларының өзара байланысын жүйелі түрде ашуға жол ашты. Зерттеу барысында мемлекет, әділеттілік, ізгілік, бақыт және білім сияқты маңызды категориялардың теориялық негіздері тереңірек қарастырылып, олардың философиялық жүйелердегі үйлесімділігі теориялық тұрғыдан дәлелденді.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: <u>1) ия;</u> 2) жоқ.	Диссертациялық зерттеудің практикалық маңыздылығы айтарлықтай жоғары және алынған нәтижелерді түрлі салаларда тиімді пайдалану мүмкіндігі кең. Зерттеу нәтижелері әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұнның философиялық және әлеуметтік-этикалық идеяларын қазіргі қоғамның рухани санасын жаңғырту мен ішкі тұрақтылықты нығайту бағдарламаларын әзірлеу үдерісінде қолдануға мүмкіндік береді. Зерттеудің практикалық маңыздылығы, әсіресе, білім беру және мәдениет салаларында ерекше мәнге ие. Зерттеу нәтижелері философия, тарих, мәдениеттану және этика пәндері бойынша қосымша материал ретінде пайдалануға жарамды. Университеттер мен ғылыми-зерттеу институттарында студенттер мен магистранттарға арналған арнайы курстарда әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұнның идеяларын талдау барысында қосымша әдебиет ретінде қолдануға болады. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері XIX-XX ғасырлардағы және қазіргі кезеңдегі қазақстандық жаңа буын ойшылдары мен қоғам қайраткерлерінің еңбектеріндегі әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұн идеяларының ықпалын

			анықтауға негіз бола алады. Бұл аспект зерттеу жұмысының құндылығын арттырып, оның ғылыми-практикалық маңыздылығын дәлелдей түседі.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75 % жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25 % -дан кем).	Диссертациялық жұмыста ұсынылған практикалық ұсыныстар тың сипатқа ие және ғылыми тұрғыдан жаңашыл. Зерттеу нәтижелеріне негізделген бұл ұсыныстар бұрынғы зерттеулерде толыққанды қарастырылмаған мәселелерді жаңа әдіснамалық тұрғыдан пайымдауға бағытталған. Әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұнның философиялық және әлеуметтік-этикалық ілімдерін салыстырмалы талдау негізінде олардың идеяларын қазіргі білім беру жүйесіне, гуманитарлық ғылымдар саласына және ұлттық рухани сананы жаңғырту бағдарламаларына тиімді енгізу жолдары ұсынылған. Бұл ұсыныстарды әзірлеу барысында жаңа көзқарастар мен әдіснамалық тәсілдер қолданылып, олардың ғылыми және практикалық маңыздылығы айқындалған. Практикалық ұсыныстардың жаңашылдығы әсіресе философия, тарих, мәдениеттану және этика пәндерін оқытуда қолдануға арналған әдістер мен тәсілдерде көрініс табады. Зерттеудің нәтижелері мен ұсыныстары қазіргі білім беру жүйесін жаңғыртуға, гуманитарлық ғылымдардың теориялық және әдіснамалық негіздерін кеңейтуге, сондай-ақ ұлттық рухани сананы нығайтуға бағытталған. Бұл ұсыныстардың жаңашылдығы мен қолдану мүмкіндіктерінің кеңдігі олардың теориялық және практикалық құндылығын арттырады.
10.	Жазу және рәсімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертацияның академиялық жазу деңгейі жоғары сапамен ерекшеленеді. Ғылыми зерттеу жұмысы ғылыми стиль талаптарына толық сәйкес келіп, оның мазмұны дәлелді, логикалық тұрғыда құрылымдалған және қолданылған терминологияның нақтылығымен ерекшеленеді. Материалдың баяндалу әдісі нақты, түсінікті және жүйелі түрде ұйымдастырылған. Зерттеу барысында қолданылған ұғымдар мен терминдер ғылыми талаптарға сәйкес дұрыс қолданылып, олардың мағыналық дәлдігі қамтамасыз етілген. Әрбір тараудың құрылымы айқын әрі логикалық бірізділікте беріліп, тұжырымдар нақты дәлелдерге сүйеніп жасалған. Барлық тұжырымдар тиісті дереккөздерге жасалған сілтемелермен негізделген, бұл зерттеудің сенімділігі мен ғылыми дәйектілігін күшейтеді. Сөйлем құрылымдары орынды қолданылып, ғылыми этика талаптары мұқият сақталған. Зерттеудің құрылымдық тұтастығы мен логикалық байланысы жоғары академиялық жазу сапасын қамтамасыз етеді.
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертациялық жұмысты жоғары бағалай отырып, оның ғылыми құндылығы мен мазмұндық маңызын одан әрі арттыра түсуге мүмкіндік беретін бірқатар техникалық мәселелерді жетілдіру қажеттігін атап өткен жөн.

		Біріншіден, зерттеу барысында ұсынылған практикалық ұсыныстардың ауқымы жеткілікті болғанымен, олардың нақты қолдану тәсілдерін көрсету қажет. Әсіресе, зерттеу нәтижелерін білім беру жүйесіне, мемлекеттік басқару органдарына және мәдениеттану саласындағы зерттеулерге енгізу жолдарын нақтырақ айқындау жұмыстың практикалық құндылығын күшейте түседі. Екіншіден, диссертацияның тілдік стилі мен академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде болғанымен, кейбір тұжырымдар мен сөйлемдердің құрылымы күрделілігімен ерекшеленеді. Оларды ықшамдау және нақтыландыру арқылы жұмыстың мазмұнын түсінікті етуге және оқырманға жеңіл қабылдауға мүмкіндік жасауға болады. Үшіншіден, қолданылған терминдердің бірізділігін қамтамасыз ету маңызды. Кейбір ұғымдардың әртүрлі нұсқада қолданылуы байқалады, сондықтан олардың анықтамаларын нақтылау және бірізді қолдану арқылы жұмыстың ғылыми стилін жақсартуға мүмкіндік бар.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	Диссертациялық зерттеу аясында 3 мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда жарық көрген. Бұл жағдай зерттеудің ғылыми маңыздылығы мен өзектілігінің жоғары екенін айғақтайды. 1 мақала Scopus деректер базасына енгізілген журналда жарық көруі зерттеу нәтижелерінің халықаралық ғылыми қауымдастық тарапынан бағаланғанын дәлелдейді. Бұдан бөлек, 2 мақала халықаралық ғылыми конференцияларда жарияланып, диссертацияның зерттеу тақырыбының өзектілігі мен жаңашылдығын кең аудиторияға таныстыруға мүмкіндік берген. Жарияланған мақалаларда ұсынылған ғылыми тұжырымдар мен нәтижелер зерттеу тақырыбының теориялық және практикалық маңыздылығын жан-жақты ашуға мүмкіндік берген. Зерттеу жұмысының жоғары ғылыми деңгейі жарияланған мақалалардың сапасымен, сондай-ақ олардың беделді басылымдарда жарық көруімен айқындалады.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	1) Философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру.

«8D02201 – Саяси философия» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу мақсатында ұсынылған Наурузбаев Дархан Мирзабековичтің «Әл-Фараби мен Ж. Баласағұнның саяси философиялық, әлеуметтік-этикалық ілімдерінің үйлесімділігі» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуі ғылыми жұмыс талаптарына толықтай сәйкес болғандықтан, Наурузбаев Дархан Мирзабековичтің «8D02201 – Саяси философия» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент:

**Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы,
Қазақстан тарихы және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер
кафедрасының доценті, философия ғылымдарының кандидаты**

Б.М. Божбанбаев

